



Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау тәртібі туралы Ереже

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1996 жылғы 13 желтоқсан N 151 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 29 қаңтар N 252 тіркелді. Күші жойылды - ҚР БҚҰК 1997 жылғы 2 қыркүйектегі N 138 қаулысымен. ~V970406

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясының
1996 жылғы 13 желтоқсандағы
N 151 қаулысымен бекітілді

I. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы жанындағы Аттестациялық комиссиясының (бұдан әрі - БҚҰК Аттестациялық комиссиясы) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандарды аттестациялау тәртібін белгілейді.

1.2. Курс тыңдаушыларын аттестациялау үміткерлердің бағалы қағаздар рыногының қатысушылары алдындағы міндеттерін білікті орындауға даярлықтарын айқындай тәсілі болып табылады.

1.3. Аттестациялаудан өткен тұлғаларға мынадай санаттарды көрсете отырып, біліктілік куәліктер беріледі:

- онда аталған тұлғаға бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік қызметтерді жүзеге асыруға құқық берілетіндігін растайтын бірінші санатты;

- онда аталған тұлғаға бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқық берілетіндігін растайтын екінші с а н а т т ы ;

- онда аталған тұлғаға бағалы қағаздар бумасын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқық берілетіндігін растайтын үшінші санатты.

1.4. Біліктілік куәлігін алуға аттестациялаудан өткізуге жіберу үшін үміткерлердің білімдеріне мынадай талаптар қойылады:

- бірінші санатқа - заңдық немесе экономикалық мамандықтар бойынша жоғары білім немесе бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметке тікелей байланысты кемінде екі жыл жұмыс стажы бар кез келген мамандықтар бойынша жоғары білім немесе мамандық бойынша кемінде үш жыл жұмыс стажы бар заңдық немесе экономикалық мамандықтар бойынша арнаулы орта білім;

- екінші санатқа - заңдық немесе экономикалық мамандықтар бойынша жоғары білім немесе заңдық немесе экономикалық мамандықтар бойынша кемінде бір жыл жұмыс стажы бар кез келген мамандықтар бойынша жоғары білім, немесе заңдық немесе экономикалық мамандықтар бойынша кемінде үш жыл жұмыс стажы бар заңдық немесе экономикалық мамандықтар бойынша а р н а у л ы о р т а б і л і м ;

- үшінші санатқа - мамандық бойынша кемінде бір жыл жұмыс стажы бар заңдық немесе экономикалық мамандықтар бойынша жоғары білім немесе бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметке тіркелмей байланысты кемінде үш жыл жұмыс стажы бар экономика-математикалық, физико-техникалық мамандықтар бойынша жоғары білім.

1.5. Әрбір үміткерді аттестациялау үшін оқу орталығының есебіне оқушы аударатын, жеті есеп айырысу көрсеткіші мөлшерінде ақы алынады.

Аталған қаражаттарды оқу орталығы БҚҰК есебіне аударады.

Аттестациялау қорытындысы қанағаттанғысыз болған жағдайда аттестациялау үшін төленген ақы қайтарылмайды.

II. БҚҰК Аттестациялау комиссиясының қызметі

2.1. БҚҰК Аттестациялық комиссиясы - БҚҰК мүшелерінен, сондай-ақ БҚҰК атқарушы аппаратының жауапты қызметкерлерінен тұратын алқалық орган.

2.2. БҚҰК Аттестациялық комиссиясының құрамы БҚҰК Төрағасының бұйрығымен айқындалады және құрамына Аттестациялық комиссияның төрағасы, оның орынбасары, мүшелері және хатшысы кіреді.

2.3. БҚҰК Аттестациялық комиссиясы мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

- бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі бірыңғай оқу бағдарламаларын жасау және бекіту;

- оқу орталықтарының қызметтеріне бақылау жасау;

- аттестациялау жүргізудің апталық кестесін белгілеу;

- тестілер мен емтихан билеттерінің сұрақтарын дайындау және бекіту;
- аттестациялауды өткізу және оның нәтижелерін ресімдеу;
- біліктілік куәліктерін беру.

2.4. БҚҰК Аттестациялық комиссиясының мәжілісі қажетіне қарай, бірақ кем дегенде айына бір рет өткізіледі.

2.5. БҚҰК Аттестациялық комиссиясының мәжілістері оның мүшелерінің кемінде 2/3 қатысса өткізіледі. БҚҰК арнаулы рұқсаты бойынша БҚҰК Аттестациялық комиссиясының көшпелі мәжілістері өткізілуі мүмкін. Көшпелі комиссияның құрамын БҚҰК Аттестациялық комиссиясы мүшелері және БҚҰК атқарушы аппаратының қызметкерлері арасынан БҚҰК Төрағасы айқындайды. Көшпелі комиссия кемінде үш адамнан тұру керек.

2.6. Комиссияның шешімі Аттестациялық комиссияның қатысып отырған мүшелерінің көпшілік жай дауыстарымен қабылданады және тиісті хаттамамен ресімделеді.

III. Мамандарды аттестациялауға даярлау тәртібі

3.1. Біліктілік куәліктерін алуға үміткерлер даярлауды оқу орталықтары жүзеге асырады.

3.2. Біліктілік куәлігін алудан үміткер оқу орталықтарының бірінде оқу үшін оқу орталығына мынадай құжаттар тапсырады:

- осы Ереженің N 1 қосымшасына сәйкес, біліктілік куәлік алу үшін кейіннен аттестациялаудан өтуге жіберіле отырып оқу курсына қабылдау туралы өтініш;
- білім туралы дипломының ксерокөшірмесі немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған еңбек кітапшаларының (контрактілердің, еңбек келісімдерінің) ксерокөшірмелері немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері.

3.3. Біліктілік куәліктерін алу үшін үміткердің ұсынған құжаттары осы Ереженің талаптарына сәйкес келсе, оқу орталығы осы үміткерді оқу курсына қабылдауды жүзеге асырады.

3.4. Мамандарды даярлау жөніндегі кезекті курстың басталуына дейінгі үш күн ішінде оқу орталығы БҚҰК мынадай құжаттарды тапсырады:

- N 2 қосымшаға сәйкес емтихан өткізудің жобаланған күнін көрсете отырып, оқу курсын жүргізу туралы өтініш;
- сабақ тақырыптарын, оларды жүргізетін оқытушылардың тектерін, сондай-ақ сабақтың өткізілетін орны мен уақытын көрсете отырып, оқу курсының кестесін;
- осы курс тыңдаушыларының тізімі.

IV. Аттестациялау жүргізудің тәртібі

4.1. Оқу процесінің аяқталуына дейін бес күннен кешіктірмей оқу орталығы БҚҰК Аттестациялық комиссиясына N 3 қосымшаға сәйкес тыңдаушыларды аттестациялауға жіберу туралы өтінішті, тыңдаушылардың осы Ереженің 3.2 тармағында көрсетілген құжаттарын, сондай-ақ аттестациялау үшін төленетін ақының БҚҰК шотына аударылғандығы туралы төлем тапсырысының көшірмесін ұсыну керек.

4.2. Егер тыңдаушылардың саны 15 адамнан асып кеткен жағдайда, БҚҰК Аттестациялық комиссия аттестациялаудан өткізілетіндердің санына қарай аттестациялауды бірнеше күн бойы өткізуге құқықты.

4.3. Бір күнде бір санаттан артық санаттар бойынша аттестациялау жүргізуге, тәртіпке сәйкес, жол берілмейді.

4.4. Осы Ереженің талаптарына сәйкес ұсынған оқу орталығының құжаттарын қарағаннан кейін БҚҰК Аттестациялық комиссиясы оқу орталығына күні мен уақытын көрсете отырып, аттестациялау жүргізу туралы жазбаша ескертпе жібереді.

4.5. Аттестациялық комиссияның төрағасы аттестациялау жүргізу күнінен дейінгі екі күнтізбелік күн ішінде аттестациялаудан өтуге жіберілген тұлғалардың тізімін бекітеді.

4.6. Осы Ереженің талаптарына сәйкес ұсынған құжаттарды оқу орталығы дер кезінде немесе тиісті дәрежеде ресімдемеген жағдайда, Аттестациялық комиссия оқу орталығына бас тарту туралы дәлелді хат жібере отырып, аттестациялау жүргізуден бас тартуға құқықты.

4.7. Оқу орталығы тыңдаушыларды аттестациялау жүргізілетін күн мен уақыты туралы дер кезінде хабардар етуі, сондай-ақ Аттестациялық комиссияның аттестациялаудан өтуге жіберілген тұлғалардың тізімін жариялау керек.

4.8. Аттестациялау тәртіпке сәйкес БҚҰК емтихан қабылдау орталығына өткізіледі.

Қажет болған жағдайда БҚҰК Аттестациялық комиссиясы БҚҰК Төрағасының бұйрығы бойынша мамандарды аттестациялауды оқу орнында жүзеге асыра алады.

4.9. Себепті жағдайлармен аттестациялаудан өтуге келе алмаған үміткер болмаған аттестациялау және оған келмеу себебі көрсете отырып жазылған өтініші негізінде кез келген басқа күні өткізілетін аттестациялауға жіберіледі. Аттестациялаудан өту үшін төленетін ақы бұл жағдайда үміткерден қайтадан алынбайды.

4.10. Аттестациялау екі кезеңде жүргізіледі:

- бірінші - тестіден өту
- екінші - ауызша емтихан.

4.11. Әрбір үміткер үшін аттестациялаудан өтуге берілетін жалпы уақыт 80 минуттан аспайды. Оның ішінде тестіден өтуге 30 минуттан, билет бойынша жауап беруге дайындық - 30 минуттан аспау керек.

4.12. Тестіден өту тест сұрақтарына жазбаша түрде немесе компьютер техникасын пайдалану арқылы жауап беру нысанында жүргізіледі. Тестіден өту кезінде сұрақтар саны 50 аспау керек.

4.13. Тест сұрақтарының кемінде 80% дұрыс жауап берген үміткер ауызша емтиханға жіберіледі. Тестіден өту нәтижесі бойынша ауызша емтиханға жіберілмеген үміткер аттестациялаудан өтпеген болып саналады.

4.14. Ауызша емтихан билеттерінің сұрақтарына және БҚҰК Аттестациялық комиссиясы мүшелерінің бекітілген Бағдарлама шеңберіндегі қосымша сұрақтарына ауызша жауап беру нысанында жүргізіледі.

4.15. Ауызша емтиханды бағалау кезінде мынадай бағалау нысандары пайдаланылады: "қанағаттанғысыз", "қанағаттанарлық", "жақсы", "өте жақсы".

4.16. Ауызша емтихан бойынша "өте жақсы", "жақсы", "қанағаттанарлық" деген бағалар алған тұлғалар аттестациялаудан өткен болып танылады.

Ауызша емтихан бойынша "қанағаттанғысыз" баға алған тұлғалар аттестациялаудан өтпеген болып танылады.

4.17. Аттестациялаудан өту үстінде үміткерлерге анықтамалық, арнаулы немесе өзге әдебиетті, сондай-ақ қандай да болмасын жазбаларды пайдалануға тыйым салынады. Бұл талаптарды және жалпы әдеп нормаларын бұзған үміткер аттестациялаудан шығарылып жіберілуі мүмкін. Аттестациялаудан шығарылып жіберілген үміткер аттестациялаудан өтпеген болып саналады.

4.18. Емтихан билеттерінің сұрақтарына дайындық кезінде үміткерлер осы Ереженің 5 қосымшасына сәйкес белгіленген үлгідегі арнаулы бланкілерді п а й д а л а н а д ы .

4.19. Үміткердің жауаптарын дайындауға арналған бланкілерді және Аттестациялық комиссия мүшелеріне арналған ведомость бланкілерін осы Ереженің N 5 және N 6 қосымшаларына сәйкес үлгілер бойынша оқу орталықтары дайындайды және аттестациялаудан өту туралы өтінішпен бірге БҚҰК Аттестациялық комиссиясының хатшысына ұсынылады.

4.20. Аттестациялық комиссияның мүшелері емтихан билеттерінің сұрақтарына берген үміткердің жауаптары үшін өздерінің бағаларын осы Ереженің N 6 қосымшасына сәйкес келетін ведомостқа қояды.

4.21. Аттестациялау аяқталғаннан кейін тест жүргізу және ауызша емтиханның нәтижелері бойынша жасалған хаттамаға Аттестациялық

комиссияның мүшелері және хатшысы қол қояды.

4.22. Аттестациялаудан өтпеген деп танылған тұлға нәтижесі бойынша аттестациялаудан өтпеген деп танылған аттестациялау өткізілген күннен бастап бір айдан ерте емес уақытта аттестациялаудан өту үшін қайтадан төлем енгізу шартымен және осы Ереженің 4.23. тармағымен айқындалған тәртіпте қайтадан аттестациялаудан өтуге құқықты.

4.23. Үміткер аттестациялаудан қайтадан өтуге жіберу туралы өтінішпен үміткерді аттестациялаудан өтуге дайындайтын оқу орталығына жүгінеді. Оқу орталығы осындай өтініштердің түсуіне орай аттестациялаудан қайтадан өтетін үміткерлердің арасынан құрамы кемінде 5 адамнан тұратын, бірақ әрбір санат бойынша бір айда бірден аспайтын жеке топты жинақтайды. Осындай топтың жинақталуына орай оқу орталығы аттестациялаудан өту үшін қайтадан ақы төлеу туралы төлем тапсырысын тіркей отырып, осы Ереженің N 7 қосымшасына сәйкес аттестациялауға жіберу туралы өтініш жібереді. Осы өтінішті қарағаннан кейін Аттестациялық комиссия оқу орталығына қайтадан аттестациялау жүргізудің күні мен уақытын тағайындау туралы хат жібереді. Қайтадан аттестациялау жүргізу күн мен уақыты туралы аталған топты дер кезінде хабардар етуге оқу орталығы міндетті.

4.24. Оқу орталығы аттестациялаудан өтпеген тұлғаның аттестациялаудан қайтадан өту туралы өтінішін қабылдауға және өтініш берген күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде оны аттестациялаудан қайтадан өтетін үміткерлердің тобына енгізуге міндетті.

4.25. Егер қайтадан аттестациялау нәтижесі бойынша тұлға тағы да аттестациялаудан өтпеген болып танылса, онда ол кейіннен тек оқудың толық курсынан өткеннен кейін ғана аттестациялаудан өтуге құқықты.

4.26. Аттестациялаудан өтпеген деп танылған тұлғаның шағым арыз беруге құқығы бар. Аттестациялаудан өтпеген тұлға негізгі талаптарын дәлелді түрде баяндаған шағымы туралы жазбаша өтінішті БҚҰК Апелляциялық комиссиясының Төрағасының атына береді және тұлғаны аттестациялаудан өтпеген деп танылған күннен кешіктірмей береді.

БҚҰК Аттестациялық комиссиясының төрағасы бір мезгілде БҚҰК Апелляциялық комиссиясының төрағасы бола алмайды. Шағым арызды қарау мерзімі - шағым арыз туралы өтінішті берген күннен бастап үш күннен аспайды. Шағым арызды қарай нәтижесі хаттамамен ресімделеді және орындау үшін БҚҰК Аттестациялық комиссиясына жіберіледі. Қайтадан шағым арыз жасауға ж о л б е р і л м е й д і .

V. Біліктілік куәлігін берудің және қолданудың тәртібі

5.1. Аттестациялаудың өткен тұлғаға осы Ереженің N 4 қосымшасына да белгіленген үлгі бойынша және осы Ережемен айқындалатын тәртіпте біліктілік куәлігі беріледі.

5.2. Оқу орталығы аттестациялау жүргізілген күннен кейін үш күндік мерзімде аттестациялауды жүргізу туралы хаттамаларды және қол қойылған біліктілік куәліктерін алу үшін БҚҰК Аттестациялық комиссиясының хатшысына жүгінеді.

5.3. Осы құжаттардың көшірмелерін беруге жол берілмейді.

5.4. Аттестациялауды жүргізгендігі үшін оқу орталығының аударған қаражаттары БҚҰК шотына келіп түскеннен кейін ғана аттестациялық комиссияның хатшысы осы Ереженің 5.2. тармағында көрсетілген құжаттарды оқу орталығына береді.

5.5. Аттестациялаудан өткен тұлғалар біліктілік куәлігін оқу орталығында алады.

5.6. БҚҰК Аттестациялық комиссиясының хатшысының арнаулы журналға осы Ереженің 5.1 және 5.2 тармақтарында көрсетілген құжаттарды оқу орталығына берген күні тиісті жазбаларды жазуы арқылы БҚҰК берілген біліктілік куәліктерінің тізілімін жүргізуді жүзеге асырады. Оқу орталығының уәкілетті өкілі аталған журналға алынған біліктілік куәліктерінің саны үшін қол қоюға міндетті.

5.7. Біліктілік куәліктерінің күші осы Ереженің N 4 қосымшасына сәйкес біліктілік куәлігінің бланкісінде көрсетілген Аттестациялық комиссияның шешімі шығарылған күннен бастап үш жыл ішінде қолданылады.

5.8. Біліктілік куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін маман оны осы Ережемен айқындалған тәртіпте ұзарта алады.

5.9. Біліктілік куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін бағалы қағаздар рыногында жұмыс істейтін маман БҚҰК Аттестациялық комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

- осы Ереженің N 8 қосымшасындағы үлгі бойынша қайтадан аттестациялаудан өтуге жіберу туралы өтінішті;
- заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған еңбек кітапшасының (контрактінің, еңбек келісімінің) көшірмесін;
- қолданылу мерзімі өткен біліктілік куәлігінің түпнұсқасы;
- аттестациялаудан өту үшін төленетін ақының БҚҰК шотына аударылғандығы туралы төлем тапсырысының көшірмесін.

5.10. БҚҰК Аттестациялық комиссиясы маманның ұсынған құжаттарын қарай келіп, аталған маманды аттестациялаудан өтуге жіберілген үміткерлердің тізіміне енгізе отырып, аттестациялаудан қайтадан өтуге жібереді және бұл туралы оны хабардар етеді.

5.11. Аттестациялауды қайтадан жүргізу тәртібі осы Ережемен айқындалған аттестациялауды жүргізу тәртібіне сәйкес болады.

5.12. Аттестациялауды қайтадан жүргізу нәтижесінде ауызша емтиханнан "қанағаттанғысыз" баға алған маман аттестациялаудан қайтадан өтпеген болып танылады, оның біліктілік куәлігінің қолданылу мерзімі ұзартылмайды және тоқтатылған болып саналады.

5.13. Аттестациялауды қайтадан жүргізу нәтижесінде ауызша емтиханнан "өте жақсы", "жақсы", "қанағаттанарлық" деген бағалар алған маман аттестациялаудан қайтадан өткен болып танылады, және оның біліктілік куәлігінің қолданылу мерзімі аттестациялаудан қайтадан өткен күннен бастап үш жылға ұзартылады, бұл туралы берілген біліктілік куәліктерінің тізіліміне тиісті жазба енгізіледі, ал біліктілік куәлігінің бланкісіне БҚҰК арнаулы штампы қойылады.

5.14. Бағалы қағаздар рыногының субъектілері тарабынан маманға қойылған елеулі талаптар болған жағдайда Аттестациялық комиссияның ұсынысы бойынша БҚҰК біліктілік куәліктері бар мамандарды мерзімінен бұрын аттестациялаудан өтуге міндеттеуге құқықты.

5.15. Істің жағдаяттары анықталғанша біліктілік куәліктерін қолдануды Аттестациялық комиссияның ұсынысы бойынша БҚҰК мынадай жағдайларда кідіртуге құқықты, егер маман:

- Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын реттейтін заңын бұзса;

- біліктілік куәлігін алған сәттен бастап бір жыл бойы бағалы қағаздар рыногында нақты іс-әрекетті жүзеге асырмаса.

5.16. Біліктілік куәлігін қолдануды кідірту, маманның бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметке құқығын кідірту кезеңіне жоюға әкеп соғады.

5.17. Біліктілік куәлігін қолдануды кідіртуге негіз болған жағдаяттар анықталғанда және осы кідірту үшін болған негіздер жойылғанда БҚҰК шешімімен біліктілік куәлігін қолдану күші жаңартылады.

5.18. Егер маман:

- Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын реттейтін заңын

жүйелі түрде бұзса;

- экономикалық қылмыстар жасағаны үшін сотталған болса Аттестациялық комиссияның ұсынысы бойынша, БҚҰК біліктілік куәлігін қайтарып алуға құқықты.

5.19. Куәлігі алынып қойылған маман БҚҰК шешімі жөнінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіппен шағымдануға құқықты.

Бағалы қағаздар рыногында
жұмыс істеу үшін мамандар
даярлау жөніндегі курс
тыңдаушыларын аттестациялау
тәртібі туралы Ережеге
N 1 қосымша

Оқу орталығы

(оқу орталығының толық атауы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

ӨТІНІШ

мені бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курсқа қабылдауды және _____ санатты біліктілік куәлігін алу үшін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясында аттестациялаудан өтуге жіберуді сұраймын.

Туған жылы _____

Жынысы _____

Білімі, диплом бойынша мамандығы _____

оқу орнының атауы _____

Жұмыс стажы:

жалпы _____

оның ішінде заңдық және экономикалық мамандықтар бойынша _____

Жұмыс орны _____

Қызметі _____

Төлқұжаты _____

(сериясы, нөмірі, құжатты кім және қашан берген)

Тұратын мекені: _____

(пошталық индексі, елді мекеннің, көшенің
атауы, үйдің, пәтердің нөмірі)

Телефон нөмірі:

пәтерінің _____

жұмысының _____

Өтінішке қоса тіркелген құжаттардың тізбесі:

- білім жөніндегі дипломның көшірмесі;
- еңбек кітапшасының көшірмесі.

Қолы:

Күні:

Бағалы қағаздар рыногында
жұмыс істеу үшін мамандар
даярлау жөніндегі курс
тыңдаушыларын аттестациялау
тәртібі туралы Ережеге
N 2 қосымша

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясы
Аттестациялық комиссияның
төрағасы _____

ӨТІНІШ

(оқу орталығының толық атауы)

Сізге 1996 жылдың _____ бастап _____ шейін
_____ санат бойынша бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін
мамандар даярлайтын курстың жүргізілетіндігін хабарлайды.

Аттестациялауды жүргізу жобаланған күн "___" _____ 199__ ж.

Тыңдаушылардың саны _____ адам.

Оқу орталығының жетекшісі _____

"__" _____ 199__ ж.

Бағалы қағаздар рыногында

жұмыс істеу үшін мамандар
даярлау жөніндегі курс
тыңдаушыларын аттестациялау
тәртібі туралы Ережеге
N 3 қосымша

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясы
Аттестациялық комиссияның
төрағасы _____

ӨТІНІШ

(оқу орталығының толық атауы)

199__ жылдың _____ бастап _____ шейін даярлықтан
өткен тыңдаушыларды _____ санатты біліктілік куәлігін алу үшін
199__ жылғы "__" _____ аттестациялаудан өткізуді сұрайды.

Тыңдаушылардың тізімі

N	аты-жөні	жұмыс орны	атқаратын қызметі
---	----------	------------	-------------------

Тыңдаушылардың құжаттары қоса тіркелді.

Оқу орталығының жетекшісі _____

199__ жылғы "___" _____

Бағалы қағаздар рыногында

жұмыс істеу үшін мамандар
даярлау жөніндегі курс
тыңдаушыларын аттестациялау
тәртібі туралы Ережеге
N 4 қосымша

_____ санатты

N _____
Біліктілік куәлігі

Осы куәлік _____
берілді, себебі ол Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар
жөніндегі ұлттық комиссиясы бекіткен оқу бағдарламасына сәйкес бағалы
қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау курсына оқыды.

Аттестациялық комиссияның 199__ жылғы "___" _____ шешімімен
бағалы қағаздар рыногында _____ жүзеге
(қызметтің түрі)

жүзеге асыруға лицензия алу үшін құқық беріледі.

Ұлттық комиссияның

Төрағасы _____

Аттестациялық комиссияның

Төрағасы _____

Хатшысы _____

Алматы қаласы

Бағалы қағаздар рыногында

жұмыс істеу үшін мамандар
даярлау жөніндегі курс
тыңдаушыларын аттестациялау
тәртібі туралы Ережеге
N 5 қосымша

Аты-жөні _____

Оқу орталығының атауы _____

Билеттің N _____

1-сұрақ _____

2-сұрақ _____

3-сұрақ _____

Бағалы қағаздар рыногында

жұмыс істеу үшін мамандар
даярлау жөніндегі курс
тыңдаушыларын аттестациялау
тәртібі туралы Ережеге
N 6 қосымша

Аттестациялық комиссияның мүшесі _____
 қызмет жөніндегі емтихан қорытындысы бойынша ведомосы

N	Аты-жөні	билеттің нөмірі	бірінші сұрақ бойынша жауаптың бағасы	екінші сұрақ бойынша жауаптың бағасы	үшінші сұрақ бойынша жауаптың бағасы	қорытынды баға

Бағалы қағаздар рыногында

жұмыс істеу үшін мамандар
 даярлау жөніндегі курс
 тыңдаушыларын аттестациялау
 тәртібі туралы Ережеге
 N 7 қосымша

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі
 ұлттық комиссиясы
 Аттестациялық комиссияның
 төрағасы _____

ӨТІНІШ

(оқу орталығының толық атауы)

төмендегі тұлғалардың _____ санатты біліктілік куәлігін
алу үшін 199__ жылғы " ____ " _____ аттестациялаудан қайтадан
өткізуді сұрайды.

N	Аты-жөні	жұмыс	қорытындысы бойынша тұлға	аттестациялаудан
	орны,	аттестациялаудан өтпеген	қайтадан өтуге	
	атқаратын	деп танылған аттестациялау	жіберу туралы	
	қызметі	күні	өтініш берген күн	

Оқу орталығының жетекшісі _____
199__ жылғы " ____ " _____

Бағалы қағаздар рыногында

жұмыс істеу үшін мамандар
даярлау жөніндегі курс
тыңдаушыларын аттестациялау
тәртібі туралы Ережеге
N 8 қосымша

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясы
Аттестациялық комиссияның
төрағасы _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Ө Т І Н І Ш

БҚҰК Аттестациялық комиссиясының 199 __ жылғы " __ " _____
шешімімен берілген _____ санатты N _____ біліктілік куәлігін
қолдану мерзімін ұзарту үшін аттестациялаудан қайтадан өтуге жіберуді
сұраймын.

Қолы:

Күні: